

Вебинар тақырыбы: «Сүтті бұзауларды мақсатты түрде өсіру»



10.11.2025
ТОО КазНИИЖиК

«ҚазМШЖЖӨҒЗИ» ЖШС Басқарма Төрағасының
ғылым жөніндегі орынбасары

Эксперт

Карымсаков Т.Н.

Сайлаубек П.Ж.

Мақсат – бұзауларды өсірудің заманауи, ғылыми негізделген технологияларын тарату арқылы төлдің сақталуын, болашақ сиырлардың өнімділігін және сүтті шаруашылықтардың тиімділігін арттыру.

Міндеттері:

1. Төлдерді күтіп-бағу және азықтандырудың озық тәсілдері туралы кешенді түсінік қалыптастыру арқылы сүт өндірісінің тиімділігін арттыру.
2. Сүтті бағыттағы бұзауларды мақсатты түрде өсіруге арналған заманауи технологиялардың тиімділігін дәлелдеу – бұл төлдің сақталуын, сиырлардың өнімділік әлеуетін және сүтті мал шаруашылығының рентабельділігін арттырудың шешуші факторы ретінде қарастырылады.
3. Бұзауларды күтіп-бағу жағдайларының, азықтандыру схемаларының және алдын алу шараларының сүтті тұқымды бұзаулардың денсаулығы мен дамуына әсерін түсіндіру.
4. Жас малмен жұмыс жасаудағы практикалық мысалдар мен схемаларды, құрал-жабдық түрлерін талдау және жұмыс барысында кездесетін қателіктерден сақтануды қарастыру.


Фермер үшін практикалық маңызы:

- Фермер төлдердің жасына және салмағына қарай алғашқы уызға, сүтке, суға деген қажеттілігін есептеуді үйренеді.
- Бұзауларды жеке және топтап ұстау технологияларын, құрал-жабдықтарды таңдау және ғимараттарды ұйымдастыру әдістерін үйренеді.
- Сүт берудің, қосымша азықтандырудың және аурулардың алдын алу схемелерін меңгереді.
- Мақсатты өсіру технологиясын өз фермерлік шаруашылығында енгізу үшін дайын үлгілерді, чек-листтерді және нұсқаулықтарды алады.

Сүтті тұқымды бұзауларды өсірудің қазіргі жағдайы

ТЕЗИСЫ	Мәліметтер
<p>Алғашқы 2 айында төлдердің өлу деңгейі 15%-ды құрайды.</p>	<p>Бұзауларда дұрыс азықтандырмау мен санитарияның сақталмауынан ішек және тыныс алу жолдарының жиі аурулары кездеседі.</p>
<p>Орташа тәуліктік салмақ қосудың төмен деңгейі (күніне 150-250 г) болашақ өнімділіктің төмендеуіне әкеледі.</p>	<p>Уызды көбінесе жеткіліксіз мөлшерде және төмен сапада беріледі.</p>
<p>Уыз беру кезеңіне және дұрыс азықтандыруға жеткілікті назар аударылмайды.</p>	<p>Азықтандыру көбінесе жүйесіз жүргізіледі немесе дозалау ережелері бұзылады.</p>
<p>Күтіп бағу технологиялары мен микроклиматты бақылаудың жоқтығы.</p>	<p>Жергілікті фермалар көбінесе нашар желдетілетін және ыңғайсыз құрал-жабдықтары бар ескірген қораларды пайдаланады.</p>
<p>Шығындардың өсуі салдарынан болатын экономикалық шығындар.</p>	<p>Жас малдың денсаулығын мониторинг жасауға және бақылауға жүйелі тәсілдің болмауы.</p>

Фермерлерге арналған ұсыныстар



Уыз беру

- Туғаннан кейін 30 минут пен 1 сағатқа ішінде.
- Шамамен 1,5-2 литр
- Келесі рет 2 азықтандыру 6 сағат ішінде.
- Алғашқы 12 сағат ішінде бұзау өз дене салмағының кемінде 10–12%-ын құрайтын уыз ішуі тиіс.
- Жаппай бұзаулау кезінде бұзауға 3–4 литр уызды мәжбүрлеп ішкізу қажет.

Фермерлерге арналған ұсыныстар

Жаңа туған бұзауды бағалау

- 1–3 минутта бұзау кеудесімен жатады
- Басын тік ұстайды
- Мұрнымен тыныс алады
- Тыныс алуы тұрақты және терең
- 20–40 минут ішінде бұзау аяққа тұруға әрекет жасайды
- 60 минуттан кейін бұзау аяқта тұрады



Фермерлерге арналған ұсыныстар

Уыз сапасы



Өте жақсы
>100 г/л



Орташа
50-100 г/л



Нашар
<50 г/л

Фермерлерге арналған ұсыныстар

Уызды сақтау

- -20°C -та 2 жылға дейін
- $5-7^{\circ}\text{C}$ -та 24 сағат
- Бұзау сапалы уызды (тексерілген, жылытып берілген, құрамында кемінде 120 г глобулин бар) міндетті түрде алады.
- Мұздату кезінде уыздағы глобулин мөлшері азаяды.
- Калий сорбатының 0,5% ерітіндісімен консервіленген салқындатылған уыз өз қасиеттерін 7 тәулікке дейін сақтайды.
- Ерітуге аз уақыт кетеді!
 - -20°C температурасында — 2–3 сағат,
 - $5-7^{\circ}\text{C}$ температурасында — 25–30 минут.

Фермерлерге арналған ұсыныстар

Егер бұзау әлсіз болса

- Тыныс жолдарын реаниматордың көмегімен тазалау
- Шүйде тұсына салқын компресс қою
- Тыныс алу жолдарына оттегі немесе ауа жіберу
- Бұзауды төс жағымен жатқызу
- Өкпеге массаж жасау
- Тыныс алу қызметін қоздыратын препараттар
- Жылы әрі құрғақ жерге жатқызып, құрғақ шүберекпен сүрту
- Кіндік желісін залалсыздандыру
- Уызды дренчер арқылы беру



Фермерлерге арналған ұсыныстар

Бұзаулардың өкпе қабынуына (пневмонияға) бейімділігі жоғары.



Фермерлерге арналған ұсыныстар

**Жас бұзауларды өсіру: мақсаттары мен негізгі даму кезеңдері**

Ремонттық бұзауларды өсіру кезінде негізгі міндеттерге мыналар жатады: Мал басының сақталуы — туғаннан бастап негізгі табынға қосылғанға дейін кемінде 85% болуы тиіс.

Шығындар (өлім мен жетім) — 15%-дан аспауы қажет.

Алғашқы төлдеу жасы — 24–26 ай аралығында.

Төлдеу кезіндегі тірі салмағы — 565 пен 630 кг арасында

Төлдеу кезіндегі шоқтығындағы биіктігі — 140 см-ден жоғары.

1. Сүтті өнімділігі — бірінші төлдегеннен кейінгі 60-шы күні сиыр тәулігіне 28 литрден астам сүт беруі керек.

Фермерлерге арналған ұсыныстар

Жаңа туған бұзауларға күтім жасау, ұстау және өсіру бойынша бірнеше кеңес:

- Төлдеуге екі апта қалғанда сүтті сиырларды алдын ала төлдеу бөлімге ауыстырады, ал төлдеуге 1-2 тәулік қалғанда оларды 3x3 метрлік денниктерге дайындап ауыстырады.
- Жаңа туған бұзауға алғашқы көмек көрсетуге арналған іс-шараларды міндетті түрде орындау қажет.
- Егер сиыр бұзауды жалап тастамаса немесе сиыр ауырып тұрса, бұзауды шұғыл түрде сүртіп, жылыту және ультракүлгін шамымен жабдыкталған жеке торға ауыстыру қажет; бұзауға 0,5-1 сағат уыз(молозиво) беру керек немесе ананың сүт безін емізуге мүмкіндік жасау керек.
- Бұзауға алғашқы 24 сағат ішінде уызды 1,2–1,5 литрден көп, 5 рет беру қажет.
- Голштин сиырларында уыздық кезең төледегеннен кейін 4 күнге дейін созылса, отандық Алатау мен Симментал тұқымдарында ол 6 күнге дейін созылады.
- Бұзауларды шүмек арқылы шелектен сүт ішуге үйрету керек, соның нәтижесінде олардың емізу рефлексі біртіндеп әлсірейді.



Фермерлерге арналған ұсыныстар

Жаңа туған бұзауларға күтім жасау, ұстау және өсіру бойынша бірнеше кеңес:

- Бұзауларды жинақталған сүтке ауыстырған сәттен бастап оларды премикс-престартерді жеуге үйретуге болады және сол күннен бастап оларға 35–37°C температурадағы қайнатылған су беру.
- □ Апталдық жастан бастап бұзауларға жақсы шөп шоқтарын беруге болады.
- Сүтпен бұзауларды тәулігіне 3 рет азықтандыру қажет.
- Толық сүтпен немесе оның алмастырғышымен 45-60 тәулікке дейін азықтандыру схемаларына сәйкес беру қажет.
- 11-21 күн аралығында сүт алмастырғышына көшіру ұсынылады, бұл кезде сұйылту коэффициенттерін келесі тәртіппен қолдану қажет: басында 1:8 қатынасында сұйылтып, кейін 1,5:10 қатынасына ауысып, соңында 6-7 апталық жастан бастап 1:10 қатынасында сұйылтады.
- Біз ұсынған жеке клеткелерде бұзауларды туғаннан бастап 42-49 күнге дейін ұстауға болады, ал жеке үйшікшелерде – 8-9 апталық жасқа дейін, содан кейін оларды 5-10 бастан тұратын топтық ұстауға ауыстырады.
- Профилакторий «барлығы бос – барлығы толы» принципі бойынша ауысып тұруы тиіс.
- Интенсивті технология бойынша бағытталған өсіру кезінде бұзаулардың тірі салмағын ұрықтандыру жасына дейін 382–414 кг дейін жеткізуге ықпал ететін ұсынылатын азықтар тізімі: Уыз, Сүт (ЗЦМ), Қайтарма сүт (обрат), Престартер, Стартер, Комбикорм, Жаңа шабылған шөп, жоңышқа, сенаж, силос, шрот, жмых, азықтық фосфат, витамин-минералдық қоспалар (БМК). Сонымен қатар, туғаннан бастап 14–16 айлық жасқа дейінгі орташа тәуліктік салмақ қосу 800–840 грамм аралығында болуы тиіс.
- Бұзауларды азықтандырудан да маңыздырақ — оларды ұстау талаптарының орындалуы:
- режимнің сақталуы, еденнің құрғақ, таза және жылы болуы, жақсы желдету, жел өтінің болмауы, санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы, суға еркін қолжетімділік және толық вакцинация бағдарламасының жүзеге асырылуы.

Фермерлерге арналған ұсыныстар

Бұзауда іш өту (диарея) кезінде күтім жасау



5 литр суға:

- ➔ 20 грамм тұз;
- ➔ 30 грамм ас содасы;
- ➔ 100 грамм глюкоза.

Қоспаны жылы суға араластырып, бұзауға ішкізіңіз. Ерітіндіні сүтпен араластырмаңыз — бөлек беріңіз.

Сүтті ірі қараның бұзауларын ұстауға арналған ұсынылатын алаң көлемдері

№	Технологиялық топтардың атауы	Жасы, күнмен	Ұстау кезеңі, күнмен	Ұстау жағдайы	Мақсаты	Азықтандыру	Сапасыздық деңгейі (%)
1	Уызданған бұзаулар	0 - 5	5	Жеке қоралар 2 * 1,2	Иммундық жүйенің қалыптасуы мен дамуы	Күніне 3 рет 2 литрден	6
2	Сүтті бұзаулар	6 – 30 31 - 45	41	Жеке қоралар 2 * 1,2	Желін мен сүйек биіктігінің қалыптасуы	Күніне 3 рет 4 литрден	
3	Сүттен шығару кезеңіндегі бұзаулар	46 – 60	14	Жеке қоралар 2 * 1,2		Күніне 1 рет 8 литрден Су + стартер	
4	Өтпелі кезеңдегі бұзаулар	60 – 120	60	Шағын топтық (по 8 -10 бас.)	Сүйектің, сүт безі каналдарының және секрециялық клеткалардың дамуы	Стартер + шөп + су	3
5	Өтпелі кезеңдегі бұзаулар	121 – 180 181 - 270	5 ай.	Шағын топтық Қорасы 30-50 бас.		Аралас рацион	1
6	Ұрықтандыру алдындағы бұзаулар	10 – 13 ай	4 ай.	50 бастан. (қоралар)	Жыныс мүшелерінің және сүйектің ұзындығы бойынша қалыптасуы	Аралас рацион	2
7	Ұрықтандыру кезеңіндегі бұзаулар	14 – 15 ай.	4 ай.	50 бастан. (қоралар)	Ұрықтандыру	Аралас рацион	3

Фермерлерге арналған ұсыныстар

Бұзауларды өсіруде гигиена талаптарын сақтау ережелері

- Жеке ұстау: қораны «бос- толы» жүйесі бойынша толтыру
- Қораға кіргізуден бұрын құрғақ болуы керек
- Егер бұзауда бұрын диспепсия болса, онда тазалау мен дезинфекция міндетті болып табылады
- Жеке қора: тазалау және орналасуын өзгерту, ультракүлгін сәулемен табиғи түрде ауру қоздырғыштарға қарсы күрес және т.б.
- Жалпы талаптар: оңай тазаланатын, тегіс жер;
- Жем-шөп беретін шелек:
 - Бір бұзауға үнемі бір шелек пайдалану керек
 - Шелек әрдайым таза болуы керек және шүментерді аптасына 2 рет стерилизациялау қажет

Фермерлерге арналған ұсыныстар

Бұзауларға сүт алмастырғыш (ЗЦМ) беру кезіндегі қателіктер



Фермерлерге арналған ұсыныстар

Бұзауларға сүт алмастырғыш (ЗЦМ) немесе сүт беру тәсілдері



Фермерлерге арналған ұсыныстар

Бұзауларға сүт алмастырғыш (ЗЦМ) немесе сүт беру тәсілдері




Фермерлерге арналған ұсыныстар

Бұзауларға сүт алмастырғыш (ЗЦМ) немесе сүт беру тәсілдері



Фермерлерге арналған ұсыныстар



Сүтті дұрыс беру

Сүтті дұрыс емес беру

Фермерлерге арналған ұсыныстар



Фермерлерге арналған ұсыныстар



Жас, ай	6	12	13-14	18	24
Салмақ көрсеткіштері, кг	180	340	375	460	580
Қоңдылығы, баллы	2,3	2,8	3,0	3,25	3,5

Фермерлерге арналған ұсыныстар



Фермерлерге арналған ұсыныстар



Фермерлерге арналған ұсыныстар



Назарларыңызға рахмет!

